

«B-Bonus» Бейілділік бағдарламасы

Анықтамалар, терминдер және ұғымдар

Банк – «BerekeBank» АҚ.

Клиент – Банк атына ағымдағы шот ашқан және/немесе төлем картасы шығарылған жеке тұлға.

Бағдарлама – «B-Bonus» Бейілділік бағдарламасы. Клиенттердің бейілділігін арттыруға және тұрақты белсенді Клиенттердің санын көбейтуге бағытталған, Сатып алу бонустарын есептеуге негізделген Клиенттерді ынталандыру жүйесі. Бағдарламаның аясында Банк акцияларды, оның ішінде Банк серіктестерімен бірлесіп өткізе алады (акцияларды өткізудің шарттары мен тәртібін Банк дербес айқындайды).

Бонус — Банктің өз қаражаты есебінен Клиентке ұсынылатын шартты бірлік. 1 Бонус (BNS) 1 теңгеге (KZT) тең. Бонустар ақша болып табылмайды.

Бонустық шот — бонустарды есептеу және есептен шығару жөніндегі операцияларды есепке алуға арналған Клиенттің арнайы шоты. Бонустық шот банктік шот болып табылмайды.

Кешбэк – Клиенттің ағымдағы шотына Бонустық шоттан есептелген ақша қаражаты. Банк сондай-ақ “Cashback” (кешбэк) анықтамасын маркетингтік және жарнамалық мақсаттарда "Бонус" анықтамасымен бірге пайдалана алады.

Сатып алу – Клиенттің Банк шығарған төлем картасын немесе оның деректемелерін (E-commerce операциясы) пайдалана отырып, тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді төлеуі.

MCC-коды (MCC, Merchant Category Code) – эквайер-банк тағайындайтын сауда-сервистік кәсіпорынның сауда нүктесінің қызмет түрінің коды. Ол төрт таңбалы нөмір болып табылады және сауда-сервистік кәсіпорындар сататын тауарлардың/ жұмыстардың/ қызметтердің түрлерін жіктеу үшін қолданылады.

Bereke - Банктің мобильді қосымшасы.

B-Bonus+ - Банк клиенттеріне жазылым түрінде ұсынылатын Бағдарламаның аясында жоғарылатылған Бонустарды есептеу опциясы.

Негізгі ережелер

1. «B-Bonus» бейілділік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Бонустарды есептеу және пайдалану тәртібін анықтайды.
2. Бағдарламаның шарттарын анықтайтын Бағдарлама ұйымдастырушысы Банк болып табылады.
3. Бағдарлама шарттардың/келісімдердің ажырамас бөлігі болып табылады, олардың талаптарына сәйкес Банк ағымдағы шоттарды ашуды, сондай-ақ төлем карталарын шығаруды және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Клиенттер Бағдарламамен және berekebank.kz сайттындағы және B-Bank-тегі Банктің өзге де хабарламаларымен өз бетінше танысады. Ағымдағы шоттар бойынша/төлем карталарын пайдалана отырып операциялар жүргізу клиентті Бағдарламамен таныстыруды және олардың шарттарымен келісуді білдіреді.

Бонустарды беру (есептеу) тәртібі

4. Бағдарламаға қатысушылар Банк Клиенттері болып табылады. Клиенттердің Бағдарламаға қатысу шарттарын Банк дербес айқындайды.
5. Бонустық шот ағымдағы шот ашылған кезде және/немесе Клиентке төлем картасын шығарған кезде автоматты түрде ашылады.
6. Бонустарды алу үшін клиент ай сайын мобильді қосымшадағы бонустар бөлімінде жоғарылатылған бонустар санаттарын дербес таңдауы қажет.
7. Бонустар санаттары екі түрлі болады:
 - MCC-кодтар тобы бойынша санат
 - Санат – Барлық нәрсеге жоғарылатылған бонустар

8. Клиент бір уақытта санаттардың екі түрін бірдей таңдай алмайды. Тек барлық нәрсеге жоғарылатылған бонустарды немесе МСС-кодтар тобы бойынша санаттарды ғана таңдау мүмкіндігі бар.

9. Егер клиент санатты таңдамаса, бонустар есептелмейді. Базалық бонустар жоқ.

10. Таңдалған санат тек күнтізбелік ай ішінде ғана қолданылады.

11. Клиентке күнтізбелік айдың соңғы күндерінде (күнтізбелік ай аяқталуға 3 күн қалғанда) келесі күнтізбелік айға санаттарды алдын ала таңдау мүмкіндігі беріледі. Мысалдар,

- Клиент 29 сәуірде мамыр айына санаттарды таңдай алады. Санат 1 мамырдан 31 мамырға дейін белсенді болады.
- Егер клиент үлгермесе, айдың ішінде таңдай алады. 5 мамырда клиент санатты таңдады. Санат 5 мамырдан 31 мамырға дейін белсенді болады.

12. Қолжетімді санаттар тізімі және санаттар бойынша бонустар ставкасы клиентке өткен айдағы депозиттер, ағымдағы шоттар, карточкалық шоттар және инвест өнімдер бойынша төмендемейтін жиынтық қалдықтарға байланысты жеке ұсынылады. Санат бойынша бонустар пайызы клиентке санатты таңдау процесінде көрсетіледі.

13. Таңдалған санаттар мен олар бойынша бонустар ставкасы мобильді қосымшадағы бонустар бөлімінің басты бетінде көрсетіледі.

14. Санаттар (және мерчанттар) бойынша бонустар басқа бонустармен (акциялық және т.б.) қосылмайды, бонустардың үлкен пайызы төленеді.

15. Жаңа санаттар мен олар бойынша ставкалар Банктің қалауы бойынша анықталады.

16. Бонустарды және Номад бонустық ұпайларын есептеудің айлық лимиттері:

Кесте 1

Жоғарылатылған лимитті алу үшін міндетті шарт — премиум картаның болуы, сондай-ақ клиенттің депозиттері, ағымдағы шоттары, карталық шоттары және инвестициялық өнімдері бойынша төмендемейтін жиынтық қалдықтарды өткен айда кемінде 21 күнтізбелік күн бойы сақтау болып табылады.	Бонустарды есептеу бойынша айлық лимит	Бонустарды есептеу бойынша күндік лимит	Номад бонустық ұпайлары бойынша айлық лимит (санатқа қарамастан)
5 000 000,00 тг дейін	15 000	3 000	3 000
5 000 000,01-ден 10 000 000 тг дейін	30 000	10 000	10 000
10 000 000,01-ден 20 000 000 тг дейін	60 000	20 000	25 000
20 000 000,01-ден 100 000 000 тг дейін	100 000	50 000	50 000
100 000 000,01 тг және одан жоғары	200 000	200 000	200 000

17. Бонустар, сондай-ақ, егер клиент «Барлық нәрсеге жоғарылатылған» санатын таңдаған болса, төлемдердің белгілі бір түрлеріне, атап айтқанда ТҮКШ (ЖКХ), Ойындар, Көлік қызметтеріне есептеледі.

18. Санаттар бойынша жақсартылған ставкаларды, жоғарылатылған лимиттерді алу және санаттардың көбірек санын алу үшін клиентке өткен айда 1-кестеге сәйкес төмендемейтін жиынтық қалдықтарды сақтау қажет.

19. Депозиттер, ағымдағы шоттар, карточкалық шоттар және инвест өнімдер бойынша қалдықтар тиісті күнтізбелік күнге ҚР ҰБ бағамы бойынша теңгемен есептеледі.

20. Банк осы Ережелерге сәйкес есептелген және/немесе аударылған клиенттің бонустық шотын мұндай Клиентке ескертусіз және себептерін түсіндірместен есептемеуге және/немесе жоюға құқылы.

21. Банк Клиенттің іс-әрекетін/әрекетсіздігін алаяқтық, жобасыз деп таныған және/немесе Бейілділік бағдарламасына қатысу шарттарын өзгеше түрде бұзатын немесе асыра пайдаланатын жағдайларда, Банк клиенттің бонустық шотын есептемеуге және/немесе жоюға және мұндай Клиентке ескертусіз және себептерін түсіндірместен Клиентті Бағдарламаға қатысудан бұғаттауға құқылы. Банк банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы төлем карточкасының Банктік шотынан күші

жойылған транзакция бойынша берілген немесе осы тармақта көрсетілген жағдайларда шығарылған бонустар мөлшерінде ақшаны алып қоюға құқылы, бұған Карточка иесі Банкке өз келісімін береді.

22. Банк клиентке ескертусіз бонустарды есептеудің мөлшері мен есептеу тәртібін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
23. Егер клиент қатарынан алты (6) күнтізбелік ай ішінде банктік карталар бойынша POS-транзакцияларды жүзеге асырмаса, Банк бонустық шотта жиналған барлық пайдаланылмаған бонустарды жоюға (есептен шығаруға) құқылы. Белсенділік деп банктік карталарды пайдалана отырып тауарлар мен қызметтерді төлеу операциялары (POS-транзакциялар) түсініледі. Жойылған бонустарды қалпына келтіру көзделмеген.
24. Бейілділік бағдарламасы шеңберінде бонустар (және Номад бонустық ұпайлары) банктің барлық өнімдері бойынша оқиғалар және мобильді қосымшадағы оқиғалар бойынша есептелуі мүмкін.
25. Есептелген Бонустардың мөлшері, Бонустардың теңгерімі және Бонустық шот бойынша операциялар туралы ақпарат Клиентке МҚ-да қолжетімді.
26. Шетел валютасында жүргізілген операциялар бойынша Бонустарды (и Номад бонустық ұпайларын) есептеу авторизациялау сәтінде белгіленген ҚР ҰБ бағамы бойынша теңгемен (KZT) жүргізіледі.
27. Бонустарды есептеуді Банк Бейілділік бағдарламасының және іске қосылған Акциялардың шарттарына сәйкес мөлшерде жүргізеді. Есептеу кезінде Бонустардың (және Номад бонустық ұпайларының) сомасы бүтін санның жүздік үлесіне дейін кіші жағына қарай есептеледі және дөңгелектенеді.
28. Банк Бағдарлама және іске қосылған Акциялар шеңберінде Бонустардың (және Номад бонустық ұпайларының), лимиттердің және/немесе жоғарылатылған Бонустар берілетін МСС санаттарының мөлшерін өзгертуге құқылы.
29. Қосымша төлем карточкасын пайдалана отырып Сатып алуларды жүргізгені үшін Бонустар атына Банк тарапынан негізгі ағымдағы шот ашылған және негізгі төлем карточкасы шығарылған Клиенттің Бонустық шотына есептеледі.
30. Бонустарды есептеу бойынша есеп айырысулар транзакцияның (авторизацияның) бастапқы құжаты бойынша жүргізіледі және транзакция өңделгеннен кейін (қаржылық құжат алынғаннан кейін) ғана шығаруға қолжетімді болады. Транзакцияны өңдеу банкке байланысты емес себептермен 40 күнтізбелік күнге дейін созылуы мүмкін (транзакция бойынша қаржылық құжатты күту). Мысалы, маусым айынан бастап бонустар өңдеу фактісі бойынша, яғни қаржылық құжат келгеннен кейін есептеледі. Келесі айдың 5-жұлдызын күтудің қажеті жоқ. (маусым айындағы операциялар бойынша 5 шілдені күту). Өңделген транзакциялар бойынша бонустарды бірден картаға шығаруға болады.
31. Клиенттің банктік шоттарында шектеулер/тыйым салулар болған кезде Банк Бонустарды (және Номад бонустық ұпайларын) есептемеуге құқылы.
32. Бонустар (және Номад бонустық ұпайлары) келесі операцияларды жүргізу кезінде есептелмейді:

- қолма-қол ақшаны алу;
- ақшаны ағымдағы шотқа аудару;
- жол чектерін, сондай-ақ ақша аналогтарын (криптовалюта, электрондық ақша және т. б.) сатып алу;
- шетел валютасын сатып алу және шетел валютасын сатып алуға байланысты комиссияларды төлеу;
- ставкалар мен бәс тігулерді, лотерея билеттерін, жүлделер ұтысына қатысу құқықтарын немесе өзге де көтермелеулерді төлеу;
- ақша аударымдары;
- тиісті шарт бойынша ҚР екінші деңгейдегі банктерінің алдындағы берешекті төлеу;
- бағалы қағаздар мен облигацияларды сатып алу;
- электрондық әмияндарды толтыру;
- корпоративтік төлем карталарын пайдаланып;
- ломбардтардағы төлем;
- көтерме сатып алулар;

- Бонустарды пайдалану арқылы.

Бонустарды пайдалану тәртібі

33. Бонустар Клиенттің карточкалық шотына бонустарды шығару (аудару) үшін Бонус шотындағы қолжетімді қалдық шегінде пайдаланылуы мүмкін.

34. Клиент Бонустарды өзінің ағымдағы шотына аударуға құқылы. Аударым бпроцесінде Бонустар ақшаға айырбасталады (1 Бонус (BNS) 1 теңгеге (KZT) тең).

35. Бонустарды Бонустық шоттан тікелей алуға болмайды.

Басқа талаптар

36. Клиенттің Бонустарды (және Номад бонустық ұпайлары) есептеуге байланысты кез келген шағымы бойынша Банктің Клиент алдындағы жауапкершілігі Бонустардың дұрыс сомасын есептеумен шектеледі. Банк даулы операция бойынша тергеу аяқталғанға дейін Клиентке тиісті Бонустарды есептеуден бас тартуға (Бонустық шотты бұғаттауға) құқылы.

37. Бонустарды (және Номад бонустық ұпайларын) беру Банктің құқығы болып табылады, бірақ оның міндеті емес.

38. Банк www.berekebank.kz корпоративтік сайтта және В-Bank-те Бағдарламаның жаңа редакциясының электрондық нұсқасын орналастыру арқылы Клиенттерге бұл туралы хабарлай отырып, Бағдарламаның қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе Бағдарламаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы.

39. Бағдарламаға кез келген өзгерістер мен толықтырулар Банк көрсеткен күннен бастап күшіне енеді және Бағдарламаның барлық қатысушыларына қолданылады. Бағдарламаның жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Клиенттің ағымдағы шоттар бойынша/төлем карталарын пайдалана отырып операциялар жүргізуі Клиенттің жаңа бағдарламамен келісуін білдіреді.

40. Банк Бонустардың/өзге де бейілділік құралын (және Номад бонустық ұпайларын) есептеуден (беруден) бас тартуға, сол сияқты Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелер бойынша Банк алдында берешегі (оның ішінде Банк қызметкері ретінде), оның ішінде Бонустық шот бойынша берешегі болған жағдайларда, егер Клиент Бағдарламаның шарттарын сақтамаса және/немесе алаяқтық әрекеттер жасаса және/немесе Бағдарламаның қандай да бір шарттарын теріс пайдаланса; егер Банктің Клиенттің ақшалай операцияларының және (немесе) өзге мүлкінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумеен) және (немесе) терроризмді қаржыландырумен байланысты, немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты болуын болжауға негіздері болса, сондай-ақ, Банктің пікірі бойынша Банк үшін кез келген теріс салдарға әкеп соғуы мүмкін өзге де жағдайларда кез келген клиентті Бейілділік бағдарламасына қатысушылар тізімінен ескертусіз алып тастауға құқылы. Бұл жағдайда, Банк Клиенттің зардаптары/шығындары үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді.

41. Банктің бейілділік бағдарламасын теріс пайдалануды анықтаған кезде және фродтық операцияларға күдік туындаған кезде төлем картасы бойынша операцияларды жүргізуді бұғаттауға құқығы бар.

42. Бағдарлама шарттарын теріс пайдалану — Клиенттің Бағдарлама шарттарын бұзатын әрекеттері (Банктің пікірі бойынша), шарттар мен талаптарды сақтамау, алаяқтық әрекеттер жасау, Бағдарлама шеңберінде берілетін қандай да бір артықшылықтарды/көтермелеулерді теріс пайдалану. Қосымша, Бағдарлама шеңберінде Банк келесі оқиғаларды Бағдарлама шарттарын теріс пайдалану деп таниды:

- Клиенттің жеке төлем картасынан корпоративтік қажеттіліктерге тауарларды және/немесе қызметтерді күнделікті, мерзімді сатып алуы;
- супермаркеттерде, электроника дүкендерінде және басқа да сауда орындарында тауарларды көтерме, күнделікті, мерзімді сатып алулар;
- жоғарылатылған Бонустарды алу мақсатында retail операциялары ретінде жасырылған Клиенттің төлем карталары бойынша аударым операцияларын орындау;
- Клиенттің төлем карталарын пайдалана отырып өз қажеттіліктері үшін емес,

- жаппай, күнделікті, мерзімді сатып алулар, атап айтқанда авиа және т/ж билеттерін сатып алу;
 - Клиенттің төлем карталарын пайдалана отырып, өз қажеттіліктері үшін емес, тауарларды шетелдік интернет сайттарда жаппай, күнделікті, мерзімді сатып алу;
 - бір санатта немесе бір МСС-да стандартты емес үлкен сомаларға сатып алулар және бонустарды шығару/жұмсау әрекеттері;
 - жоғарылатылған бонустар санатындағы сатып алулар ғана және басқа санаттар және
 - МСС бойынша сатып алулардың болмауы;
 - сатып алулардың 30%-дан жоғары жетуі;
 - Клиенттің төлем карталарын ойын интернет сайттарында, виртуалды интернет казиноларда, букмекерлік кеңселерде, криптовалютаны сататын интернет платформаларда күнделікті, мерзімді сатып алу, Qiwi, PayPal, Web Money виртуалды әмияндарын және олардың аналогтарын толықтыру.
43. Банк Клиентке чектерді/сатып алу үшін Бонустар (және Номад бонустық ұпайлары) есептелген Сатып алуды растайтын өзге де құжаттарды ұсыну туралы сұрау салуға құқылы. Клиент Банкке көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Банк Бонустардың күшін жоюға құқылы.
44. Бонустар(және Номад бонустық ұпайлары) Бағдарламаның 23-тармағында көрсетілген, сондай-ақ төмендегі жағдайларда Бонустық шотта жойылады (толық және ішінара):
- қайтару/алмау себептеріне қарамастан, Банк Бонустар есептеген кезде тауарды қайтаруды/операцияны жоюды жүзеге асырғанда;
 - артық/қате/дұрыс аудармаудың себебіне қарамастан, Бонустарды артық/қате /дұрыс аудармау;
 - төлем картасын жабу және/немесе ағымдағы шотты жабу.
45. Көрсетілген жағдайларда Бонустарға меншік құқығы сөзсіз және даусыз тәртіппен Банкке өтеді, оған Клиент осымен өзінің келісімін білдіреді. Бонустық шотта Бонус болмаған/жеткіліксіз болған кезде Клиенттің Банк алдында шарттардың/келісімдердің талаптарына сәйкес өтеуге жататын берешегі қалыптасады, соның негізінде Банк Клиентке ағымдағы шоттарды ашады және/немесе төлем карталарын шығарады.
46. Банк төлем карталары бойынша есеп айырысуға қатысушылардан төлем карталары бойынша операциялардың деректері мен басқа да белгілерінің (мысалы: МСС коды, Е-com операцияның белгісі және т. б.) дұрыстығына жауапты болмайды және алынған ақпаратқа сәйкес Бонустар (және Номад бонустық ұпайлары) есептеуді жүргізеді.
47. Банк Клиенттерін Банктің <https://www.berekebank.kz> сайтында Ережелердің жаңа редакциясын жариялау арқылы хабарландыра отырып, Бейілділік бағдарламасының Ережелеріне өзгертулер енгізуге құқылы.
48. Клиенттер бейілділік бағдарламасының Ережелерімен және <https://www.berekebank.kz> мекенжайы бойынша орналасқан өзекті өзгертулермен өз бетінше танысады.
49. Клиенттің Бейілділік бағдарламасының талаптарына сәйкес Ережелердің жаңа редакциясы күшіне енген сәттен кейін әрекеттер жасауы Клиенттің Ережелердің жаңа редакциясымен келісетінін білдіреді.
50. Банк телекоммуникациялық және энергетикалық желілердегі іркілістердің, зиянды бағдарламалар әрекеттерінің, үшінші тұлғалардың жобасыз әрекеттерінің салдарынан Клиенттер алдында Бейілділік бағдарламасы шеңберіндегі функциялардың орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы үшін жауап бермейді.
51. Банк еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Клиенттерге мұндай шешім туралы алдын ала хабарландырмай, өз жеке қалауы бойынша бонустарды ((және Номад бонустық ұпайларын) есептеуді біржақты тәртіппен тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.
52. Банк Клиенттің Бейілділік бағдарламасына қатысуына байланысты пайда болуы мүмкін ақшалай залалдардың, ұсталымдардың және өзге де кез-келген шығындардың орнын толтырмайды және қайтармайды.
53. Банк Клиенттің әрекеттерін/әрекетсіздігін алаяқтық, арам ниетті және/немесе Бейілділік бағдарламасына қатысу талаптарын өзге де жолмен бұзатын деп таныған сәтте, Банк мұндай Клиентке хабарламай және себептерін түсіндірмей, Ережелерге сәйкес есептелген клиенттің

бонустық шотына есептемеуге және/немесе оның (Номад бонустық ұпайларының) күшін жоюға құқылы. Банк клиентке хабарламай, бонустар (және Номад бонустық ұпайларының) мөлшерін және оларды есептеу тәртібін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

54. Бонустар мен Номад бонустық ұпайлары келесі Merchant Category Code бойынша есептелмейді:

2-кесте

МСС	МСС сипаттамасы
4112	Теміржол жолаушылар тасымалы
4812	Телекоммуникациялық жабдық, соның ішінде телефон сатылымы
4814	Телекоммуникациялық қызметтер
5211	Орман және құрылыс материалы
5511	Жеңіл және жүк көлігі – сату, қызмет көрсету, жөндеу, бөлшектер және лизинг.
5521	Жеңіл және жүк көліктерін сату (тек пайдаланылған)
5933	Ломбардтар
5960	Тікелей маркетинг – сақтандыру қызметтері
6010	Қаржы мекемелері – кассада қолма-қол ақша беру
6011	Қаржы мекемелері – қолма-қол ақшаны автоматты түрде алу
6535	Құндылықтарға талап ету құқығы – Қаржы ұйымдары
7276	Салықтық дайындық қызметі
7800	Мемлекеттік лотереялар (тек АҚШ)
7801	Интернеттегі құмар ойындар (тек АҚШ)
7802	Ат / ит шабысы (тек АҚШ)
9406	Мемлекеттік лотереялар (АҚШ-тан басқа)
9754	Ат / ит шабысы (тек АҚШ)
7280	Аурухана емделушісі – жеке қаражаттарды шығарып алу
8398	Қайырымдылық қорлары мен әлеуметтік қызметтер - қаражат жинау
8651	Саяси ұйымдар
9405	Мемлекетішілік сатып алулар - тек мемлекеттік
6300	Сақтандыру компанияларының қызметтері
8661	Діни ұйымдар
8641	Азаматтық, әлеуметтік және бауырластық бірлестіктер
8675	Автокөлік қауымдастықтары
8699	Мүшелік ұйымдар – басқа жерде аса мамандандырылмаған
5818	Цифрлық тауарлар - мультисанат
8111	Адвокаттар, заң қызметтері
4214	Автокөлік тасымалдау агенттіктері, жергілікті/ұзақ қашықтыққа жүк тасымалдау, тасымалдау және тасымалдау
4813	Операторға хабарласпай, орталық қолжетімділік нөмірін және қолжетімділік кодын қолдана отырып қоңырауларын ұсынатын пернелі енгізудегі телеком сауда орындары
4829	Ақша аударымдары
6012	Қаржы мекемелері – сауда және қызметтер
6050	Квази-Кэш – Қаржы мекемелері
6051	Квази-Кэш – Қаржылық емес мекемелер
6211	Құнды қағаздар нарығындағы брокер қызметтері
6513	Жылжымайтын мүлік агенттері мен менеджерлері - Жалдау
6529	Алдын ала төленген карталарды қашықтан толтыру - Қаржы ұйымдары
6530	Алдын ала төленген карталарды қашықтан толтыру - Сауда нүктесі
6531	Қызметтер ақысын төлеу – ақша аударымдары
6532	Төлем операциясы - қаржы мекемесі
6533	Төлем операциясы - сатушы

6534	Ақша аударымы - қаржы мекемесі
6536	Картадан картаға ақша аударымдары – есептеу (ел ішінде)
6537	Картадан картаға ақша аударымдары – есептеу (елдер арасында)
6538	Картадан картаға ақша аударымдары – есептен шығару
6539	Қаржыландыру бойынша транзакция (MoneySend алып тастап)
6540	Банктік емес алдын ала төленген карталарды, шоттарды толтыру
7299	Өртүрлі қызметтер - басқа жерде аса мамандандырылмаған
7372	Бағдарламалау, деректерді өңдеу, интеграцияланған жүйелерді жобалау
7995	Құмар ойындар
8999	Кәсіби қызметтер - басқа жерде аса мамандандырылмаған
9211	Алимент пен балаларды қолдауды қоса алғанда, сот төлемдері
9222	Айыппұлдар
9223	Кепілдер мен облигациялар бойынша төлемдер
9311	Салық төлемдері
9399	Мемлекеттік қызметтер - басқа жерде аса мамандандырылмаған
9402	Пошта қызметтері – тек мемлекеттік

Номад бонустық ұпайлары бойынша бонустық механика

55. Акцияға қосылуды Bereke Bank мобильді қосымшасындағы бонустар бөлімінде клиент өз бетінше жүзеге асырады.
56. Премиум деңгейдегі (MasterCard және VISA XTЖ) төлем картасы бар клиенттер қоса алады.
57. Қосқаннан кейін клиентке жүргізілген сатып алу операциялары бойынша Nomad ұпайлары есептеледі және B-Bonus бонустарын есептеу тоқтатылады.
58. Nomad ұпайларын есептеу талаптары мен шектеулері банктің бонустарды есептеу жөніндегі бейілділік бағдарламасының ережелеріне толық сай келеді.
59. Nomad ұпайларын есептеу бойынша ай сайынғы және транзакциялық лимиттер жоқ. Теріс пайдалану және/немесе күмәнді транзакциялық белсенділікті байқаған кезде Банк мұндай Клиентке хабарламай және себебін түсіндірмей, ай сайынғы есеп айырысу және есептеу аясында 10 000 Номад бонустық ұпайлары мөлшерінде максималды Номад ұпайларын есептеуге немесе есептеудің күшін жоюға құқылы.
60. 1 Nomad ұпайы:
 - 1) POS-терминал немесе интернет арқылы төлем жасаған кезде әрбір 490 теңге үшін есептеледі.
 - 2) Есептеу 2-Кестеде көрсетілген лимиттер ескеріле отырып жүзеге асырылады.
61. Шетел валютасында жүргізілген операциялар бойынша Nomad ұпайларын есептеу операция сомасы бойынша есепте авторизациялау сәтінде белгіленген Банк бағамы бойынша теңгемен (KZT) жүргізіледі.
62. Есептеу келесі айдың 2 жұмыс күніне дейін есептік ай үшін жүргізіледі.
63. Есептеу Серіктестің Nomad club-тағы клиенттің аккаунтына жүргізіледі.
64. Есептелген Nomad ұпайларын клиент Серіктестің сайтындағы жеке кабинетте өз бетінше көреді.
65. Серіктестің Nomad club-ына тіркелу туралы ақпаратпен және Nomad ұпайларын жұмсау талаптарымен <https://airastana.com/kaz-ru/nomad-club/nomad-club-programme> сілтемесі бойынша Серіктестің сайтында танысуға болады.
66. Клиент акция бойынша барлық талаптармен және ережелермен Банктің Bereke Bank мобильді қосымшасындағы Nomad бөлімінде қосылған кезде және қосылғаннан кейін Банктің мобильді қосымшасында таныса алады.
67. B-Bonus бонустарын есептеуді қайтадан қосу үшін клиентке картаны Банктің Bereke Bank мобильді қосымшасындағы Nomad бөлімінде Nomad ұпайларын есептеуден өшіру қажет.
68. Номад ұпайларын өшіру кезінде ажыратылған сәттен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде қайта қосуға шектеу қолданылады. (мысалы, клиент Номад ұпайларын 10.01.2025 ж. қосты және Номад ұпайларын 20.01.2025 ж. өшірді (қайтадан бонустарға ауысты), осы күннен бастап қайта

қосылуға 90 күн ішінде шектеу қойылады. Клиент Номад ұпайларын қайта 21.04.2025ж.бастап қана қоса алады.)